

«ABYROI SCHOOL Oğab» ЖШС

Мектеп психологтарының 2024-2025 оқу жылдарында жүргізілген жұмыстары туралы есебі

2024-2025 оқу жылының басында мектептегі психологиялық қызметке бірқатар өзгерістер енгізілді. Мақсаты – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысуларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуметін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтармен оқушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін тандауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Негізгі жұмыс бағыттары

Диагностикалық бағыт бойынша оқу мен дамудағы проблемалардың себептерін анықтау мақсатында оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеуге, жеке тұлғаның күшті жақтарын, оның өзіндік мүмкіндіктерін, кәсіби және танымдық қызығушылықтарын ерте анықталды.

Кеңес беру бағыты бойынша оқушыларға, олардың ата-аналарына және мұғалімдеріне дамудың, әлеуметтенудің, тәрбиелік қиындықтардың, қарым-қатынас мәселелерінің өзекті мәселелерін шешуге көмектестік.

Түзету және дамыту бағыты бойынша барлық оқушыларға қолдау көрсету немесе тиісті мамандарға жолдама беру арқылы түзету және дамытушылық қолдау жасалды.

Психологиялық ағарту бағыты білім алушылар мен педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдестік.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты бойынша жұмыстарға мониторинг жүргізу және талдау, көрнекі материалдарды дайындалды.

Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру, ортаға тарту, үлгерімін қадағалау, оқушының бос уақытын қызығушылықпен өткізуді, тәртіп бұзушылықты болдырмау жолдарын алдын-алу, оқушының мінез-құлқын, қызығушылықтарын анықтау жүзеге асты. Оқушылардың ата-аналарымен байланыс үзбеу, оқушының бос уақытын қадағалау, сынып жиналыстарына, сабағына қатысу, оқушымен жеке сөйлесуге мән берілді. Жоғарыда аталған 8 бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар төмендегідей:

Мектеп оқушыларына Қыркүйек айында барлық сыныпқа «Буллингті бірге тоқтатайық!» атты кеңес жүргізіліп, QR код ілінді. Бұл айда жаңадан келген оқушылармен танысып, оқушылар сырттай бақылауда болды. Қазан айынан бастап оқушыларға диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Кондаштың «Әлеуметтік-ситуациялық мазасыздық

шкаласы» әдістемесі өткізілді. Оқушылардың өз-өзіне деген көзқарасын, ішкі сенімділігін және өзін бағалау деңгейін анықтау үшін «Өз-өзінді бағалауың қалай?» сауалнамасы өткізілді. Аталған зерттеу нәтижесінде психологиялық қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтап, жеке-дара немесе топтық психологиялық жұмыстар жүргізу.

Сонымен қатар, оқушылардың зейінін дамыту үшін көптеген көрнекіліктермен сабақтар өткізу олардың қабылдауын және есте сақтауын арттыру туралы сынып жетекшілермен әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар берілді:

- Сынып жетекшісіне оқушыларға мейірімділік көрсетіп, қатандық танытпай, мадақтау мен жазалау әдістерін тиімді ұстанған жөн;
- Зейін үрдісін дамытатын ойын жаттығуларды сабақ үстінде пайдалану;
- Сабақта әр балаға жекелей тапсырмалар беріп, өзіндік жұмыстарға тарту;
- Сыныптан тыс іс-шараларға белсене қатыстыру, өзіндік ойын қалыптастыру;
- Сабақ барысында төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша тапсырмалар беру арқылы дамыту жұмыстарын жүргізу;
- Оқушылардың кеңістік бағдары туралы түсініктерін дамыту, сабақ үстінде оқушының назарын мұғалімге, тапсырмаға бағытталуын қадағалау, нұсқауды оқушылардың дұрыс қабылдауын қадағалау.
- Сыныпта оқушылармен топтық жаттығуларды, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыратын ойын – жаттығуларды өткізу.

2024-2025 оқу жылына арналған педагог-психологтың жылдық жоспары бойынша қыркүйек-қазан айларында мектептің 5 сынып оқушыларын орта буынға бейімдеуде психологиялық қолдау, өздігінен оқуға сенімділік қалыптастыру мақсатында төмендегідей жұмыстар қатары жүргізілді:

Оқушыларға бейімділікке көмектесу мақсатында «Орта буындағы жаңа оқушы» әңгіме-кеңес өткізілді. Сонымен қатар үзіліс уақыттарында оқушылардың танымдық процестерін дамытуға арналған ассиметриялық жаттығулар жүргізіліп, өздігінен оқуға деген мотивация берілді.

Қыркүйек айында ата-аналар жиналысында «Мектептегі психолог жұмысының қызметімен таныстыру» жұмыстары жүргізілді. 10, 11 сынып оқушыларына «Мақсат өмірдегі шамшырақ» тренинг сабағы оздырылды және 5-9 сынып оқушыларына «Мен және менің ішкі әлемім» тренинг сағаты жүргізілді. Қазан айында «Буллинг дегеніміз не және одан баланы қалай қорғай аламыз?» ата-аналарға жаднама таратылып, мектеп педагогтарына «Тәрбиелеудің 10 заңы», «Суицидтік мінез-құлықтың және оларға қатысты зорлық-зомбылық, қатігездік көрсетудің адын алу жұмыстары» жүргізілді. Уақытты тиімді пайдалану үшін 5-11 сыныптарына «Тайм-менеджмент. Уақытты үнемді пайдалану» дәріс сабағы өткізілді.

Сонымен қатар қазан айында сұраныс бойынша сынып оқушыларының сабақтарға қызығушылықтарының деңгейін психологиялық тұрғыда зерттеу мақсатында 9 б сынып оқушыларының сабақтарға қызығушылықтарының деңгейін психологиялық тұрғыда зерттеу қорытындысы жасакталды. Зерттеу мақсатында I тоқсан аяғы мен II тоқсан басында төмендегідей іс-шаралар жүзеге асырылды:

1.Қарым -қатынасты анықтауға арналған «Социометрия» әдістемесі. Бұл әдістеме бойынша сыныптағы лидер оқушылар: Ершов Даулет, Қайырғали Мақсат, Адистоллаев Бейбарыс, Құбайдолла Азиза.

2. Өз-өзінді бағалауың қалай? сауалнамасы бойынша өзін-өзі бағалауы төмен оқушылар анықталмады.

3.Суицидтік мінез-құлыққа бейімділікті анықтауға арналған СБА әдістемесі бойынша суицидке бейім оқушылар анықталмады.

4.Мазасыздықты анықтауға арналған «Кондаш» әдістемесі бойынша мазасыздық барлық оқушыда қалыпты деңгейде.

5. «Мектептегі білім - оқушы көзімен» сауалнамасы бойынша қорытындысы бойынша оқушылар мектепке көпшілігі жалқаулық, еріншектік, қызығушылық жоқтықтан деп жауап берген. Бұдан шығатын қорытынды: оқушылар өздерін жалқауымыз деп мойындайды және пәнге қызығушылық жоқ. Оқушыларға өзі үшін және өздігінен оқудың маңызы жөнінде ақыл-кеңестер айтылды және жетістікке жету әрбір оқушының қолынан келетіндігі жөнінде мотивациялық әңгімелесу оздырылды. Сонымен қатар мектепке қуанып келу үшін сынып ішіндегі психологиялық жағымдылығының маңыздылығы алға тартылды. Нәтижесінде оқушының қызығушылығы мен оқуға қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында түзету-дамыту жұмыстары сынып жетекші мен психолог тарапынан жалғасын тапсын деп ұсыныс жасалды.

Қараша айында 9-11 сыныптарға транзакциялық талдау (Эго күй) дәріс-сабағы , 5-11 сыныптармен «Өмірім жарқын сәттерге толы» тренинг сабағы жүргізілді. Ата-аналарға «Тәрбиелеудің 10 заңы. Келісім шарт» тақырыбында психологиялық ағарту сабағы өткізілді. 8-11 сынып қыз балаларымен ерте жастағы жүктіліктің алдын алу бойынша сауалнама жүргізілді. Желтоқсан айында 9-11 сыныптарға «Психологиялық қорғаныс түрлері» және «Манипуляция» дәріс-сабақтары өткізілді. 5-11 сынып оқушыларына Г.Айзенктің «Тұлғаның психикалық жағдайын бағалау, агрессия» сауалнамасы алынды. «Карпман бұрышы» тақырыбында дәріс өткізілді.

Қаңтар айында 9-11 сыныптарға «Эмпатия. Перенос» дәрісі жүргізілді. 11 сынып оқушылары ҰБТ-ға психологиялық дайындықтан өтті. Мұғалімдерге «Өмір - қымбатсың маған!» атты тренинг өткізілді. Ата-аналарға «Балаларына емтиханға дайындалуға қалай көмектесу керек?» кеңес парағы таратылды. Ақпан айында 8-11 сыныптарға «Дін психологиясы» дәрісі жүргізілді. 5-11 сыныптармен «Менің ғаламшарым» атты арт-терапия сабақтары өтті. «Махаббат тілдері» дәріс-тренинг ұйымдастырылды.

Наурыз айында 5-11 сыныптарға «Маслоу пирамидасы» дәрісі өткізілді. «Менің ішкі кедергілерім» топтық терапиясы жүргізілді. Сәуір айында «Жақсы көңіл-күй – жан азығы» тақырыбында дәріс өтті. Мамыр айында «Теріс шектейтін сенімдер. Норма түсінігі» атты дәріс ұйымдастырылды. «Мен жеңімпазбын!» атты психологиялық түзету сабағы оқушылар мен ата-аналарға өткізілді. Жыл бойына жеке оқушыларға, ата-аналар мен ұстаздарға психологиялық кеңестер беріліп отырды.

Түйін, ұсыным:

Пән мұғалімдеріне:

- педагогикалық процестің субъектісі ретінде сабықты ынтымақтастық негізде тәрбиелік ықпалға негізделген ұжымшылдық қатынас қалыптастыруға бағыттау;
- Әр балаға «және» ретінде құрметпен қарау;
- Сабақ арысында өмірлік тәрбие болатын мысалдарды үнемі қолданысқа енгізу;
- оқуға қызығу, ынталану, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру бағытында жұмыстану;
- үнемі мотивация беріп отыру.

Сынып жетекшілер үшін:

- Ата-анамен жиі қарым-қатынаста болу жолдарын қарастыру;
- Оқушыға және ата-анаға жанашыр сынып жетекші екендігін сездіре білу;
- Психологиялық қолдау, психологиялық кеңес беру

Психологтар үшін

- Ұжымшылдыққа баулу мақсатында тренинг шараларын, әңгімелесу сағаттарын үнемі оздырып отыру;

Психологиялық кеңес алған оқушылар саны—366, ата-ана саны—30, мұғалімдер саны—40

Қорытынды және ұсыныс: Психологиялық алдын алу, диагностика, түзету-дамытушылық, кеңес беру, ағартушылық, бағыттары бойынша жұмыстар уақытылы жүргізілді. Жеке келген ата-аналарға, оқушыларға, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне жеке кеңес ұсыныстар беріліп отырды.

2024-2025 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің күшті жақтары:

Оқушылар оқу-тәрбие процесіне белсенділіктері мен қызығушылықтары артты, өмірге деген көзқарастары өзгерді;

-Көздеген мақсаттарына өздері жете алатындықтарына көздері жетті;

-Оқушыларда қазіргі сәтті сезіну, түсіну реніштен арылу пайда болып, бүгінгі күнді бағалау, қоғаммен, ата-анасымен, достарымен, мұғаліммен қарым-қатынастары жақсара түсті.

Психологиялық қызметтің әлсіз тұстары: оқушы үшін қиындық тудырған мәселеге басты себепші ата-ананың өмірге көзқарасын өзгерту.

25-2026 оқу жылына қойып отырған мақсатымыз:

- Әр оқушының ата-анасымен жеке және бірлескен жұмысты күшейту, ата-аналардың психологиялық білімдерін жетілдіру;
- Оқушыларға психологиялық білім жетілдіруге арналған дәріс сағаттарын көбейту;
- Мектеп ұстаздарын психологиялық қолдауды жетілдіру.

Мектеп педагог-психологтары:



С.М.Умирзакова
Э.С.Сарсенғалиева
С.Ө.Төлегенова

2025-2026 оқу жылына қойып отырған мақсатымыз:

- Әр оқушының ата-анасымен жеке және бірлескен жұмысты күшейту, ата-аналардың психологиялық білімдерін жетілдіру;
- Оқушыларға психологиялық білім жетілдіруге арналған дәріс сағаттарын көбейту;
- Мектеп ұстаздарын психологиялық қолдауды жетілдіру.

Мектеп педагог-психологтары:



С.М.Умирзакова
Э.С.Сарсенғалиева
С.Ө.Төлегенова